

# ҰЗАҚ МЫЖЫЛУ



СИНДРОМ

Дайындаған: Абекенов Мақсат 1МЖБ - 2

# Ұзақ мыжылу (басылу)

## СИНДРОМЫ

*“Ұзақ мыжылу синдромы”* – (crush – синдромы, басылу синдромы, Байотерс синдромы) - организмдегі қанайналым жүйесінің бұзылуынан, бұлшық еттер мен дене мүшелерінің ұзақ уақыт бойғы қысылуынан (мыжылуынан) болатын қауіпті травмалық – ауру. Көбінесе жер сілкінісі кезінде, шахталардың опырылуынан, жарылыс, құрылыс алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтамаған жағдайда, ғимараттардың құлауы нәтижесінде туындайды. Адам денесін ағаш, топырақ, тастар, металлдар, құрылыс материалдарының басып қалуымен сипаталады.

*Белгілері:* Адам шок кезіндегі жағдайға ұшырайды, жарақаттанған жердің төңірегі өзгеріп, ісіне бастайды, қанталайды, қан ұйиды, денесі бозарады, әлсірейді, қан қысымы төмендейді, тамыр соғысы жиілейді, жаншылған жер қатты ауырады, буындары қозғалмайды.

# Түрлер



## I. “Жеңіл”

Адамның кейбір мүшелері ауыр заттың астында 2 сағат уақыт шамасында жатады. Мүшелер бірте – бірте ісіп, формасын өзгерте бастайды, тамыр соғысы жиілейді.



## II. “Орташа”

Адамның бірнеше мүшесі үйінді асытнда 2 – 4 сағат шамасында жатады. Мүшелер тез ісініп, формасы едәуір үлкейеді, қан ұйып, терінің түсі өзгереді.



## III. “Ауыр”

Адам денесі 4 – 6 сағат шамасында үйінді астында жатады. Қан айналымы бұзылады.

## IV. “Аса ауыр”


Дене үйінді астында 6 – 8 сағат шамасында жатады. Адам өліп кетуі мүмкін.



# ОМЖ–ның қысқаша

Бұл синдромның ең алғашқы сипаттамасын Бірінші Дүниежүзілік соғыс кезеңінде, француз хирургы **Е. Кеню** жасады. Ол өзінің қолжазбаларында: *“Француз офицері әскери жертөлені паналап жатқан кезінде жарылғыш граната тиеді. Жарылыс кезінде жертөленің төбесі опырылып, алып бөрене екі аяғын қозғалмастай басып қалады. Құтқарушы жасақ келіп жеткенде ол әлі де қуатты күйінде болған, тіпті құтқарушыларға бөренені итеруге көмектескен. Бірақ, бөренеден аяғын босата сала, офицерде күтпеген жерден шок пайда болады. Көп ұзамай сол жерде қаза табады...”*

## “Бұл синдром несімен қауіпті?”



“**Ұзақ мыжылу синдромы**” – аты айтып тұрғандай, адамның мүшелерінің, жұмсақ бұлшық еттерінің, сүйегінің мыжылуы. Яғни, ауыр заттың астында қалып қойған адамның қанайналым жүйесі бұзылады, қатты қысылған мүшенің әсерінен организмдегі заталмасу процесі бұзылып, мүше ұлпаларының өліміне алып келуі мүмкін. Ең алдымен, зақымдаған мүшеде химиялық түзілулер орын алады. Ол – **миоглобин, калий, креатин, фосфор** секілді заттардың ыдырауымен сипатталады. Организмдегі миоглобин бөлінісі бірден қан тамырлары арқылы бүкіл организмге тарайды. Ол, әрине, бүйректі зақымдайды, жүрек соғысын нашарлатады. Қысқаша айтқанда, организм өздігінен уланады. Денеді қатты ауру байқалады. Жаншылған мүше өзінің кескіні мен мөлшерін өзгертіп, күрт үлкейеді. Зақымданған жерде 2 – 3 литр шамасында плазмалық (организмнен бөлінген улы заттар) түзіліс пайда болады. Мүшені ауыр заттан босатқан кезде бұл плазма тамырлар бойымен бүкіл организмге тарап, өздігінен улану процесі жүреді. Тіпті адамның өліп кетуі ғажап емес. Дер кезінде алғашқы көмек көрсетілмесе мүше ампутациясына алып келу мүмкін.



контекст.рф

# Алғашқы көмек

1. Жарақаттанған адамды ауыр заттың астынан шығарып алу.
2. Жарақаттанған аяқ – қолды төменнен жоғарыға қарай таңғышпен таңып тастау.
3. Егер адам ауыр заттың астында ұзақ уақыт болса, онда арнайы таңғышпен, немесе жгутпен қатты таңып тастау қажет (жарақаттың үстінен).
4. Арнайы шинаны пайдаланып кеудеге, аяқтарына бинт орағыштарын қатты байлау керек. Үшбұрыш тәрізді.
5. Медециналық көмек келгенше жарақаттың үстінен мұз басып, зардап шеккен адамға көп мөлшерде сусын беру керек.
6. Тыныс алуы қалыпты болмаса – жасанды жолмен тыныс беру керек.
7. Егер адам ес – түссіз болса, сусынды организмге жасанды дәрі – дәрмек арқылы енгізу керек. Кейде арнайы “системалар” пайдаланылады.



Ары қарай медицинада зардап шеккен адамның қанын плазмалардан тазарту үшін “жасанды бүйрек” аппараты пайдаланылады. Қазіргі уақытта бұл аппарат кеңінен қолданылып, адамның өмірін аман алып қалу мүмкіндіктері едәуір артты. **“Бірақ, өмір қауіпсіздік ережелерін есте сақтаған жөн!”**